

Торайғыров университеті

ӘӨЖ 378 (043.3)

Қолжазба құқығында

КУДАРОВА НАЗГУЛЬ АБИЛЬБЕКОВНА

**Жоғары оқу орнында студенттердің көшбасшылық қасиеттерін
өркендетуде ұлттық кодтың атқарар рөлі**

6D010300 – Педагогика және психология

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесші
Педагогика ғылымдарының докторы,
профессор
Е. Жуматаева

Шетелдік ғылыми кеңесші
Педагогика ғылымдарының докторы,
доцент
Е.А. Башаркина
(Могилев)

Қазақстан Республикасы
Павлодар, 2020

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	3
АНЫҚТАМАЛАР	4
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	5
КІРІСПЕ	6
1 ЖОО-ДА СТУДЕНТТЕРДІҢ КӨШБАСШЫЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН ӨРКЕНДЕТУДІҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	14
1.1 ЖОО-ғы студенттердің көшбасшылық қасиеттерін өркендетудің психологиялық және педагогикалық негіздері.....	14
1.2 Көшбасшылықты өркендету идеясының отандық және шетелдік ғылымда зерттелу барысы.....	25
1.3 ЖОО-да студенттердің көшбасшылық қасиеттерін өркендетудің әдіснамасы.....	41
2 ЖОО-ДА СТУДЕНТТЕРДІҢ КӨШБАСШЫЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН ҰЛТТЫҚ СИПАТТА ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ АМАЛДАРЫ МЕН ЖОЛДАРЫ	52
2.1 ЖОО-ғы ұлттық кодтың атқарар қызметінің педагогикалық шарттары	52
2.2 ЖОО-да студенттердің көшбасшылық қасиеттерін ұлттық код арқылы өркендету үдерісінің құрылымдық-функционалдық моделі.....	62
2.3 ЖОО-ғы студенттердің көшбасшылық қасиеттерін ұлттық сипатта өркендетудегі білім мазмұнының алатын орны.....	72
3 ЖОО-ДА СТУДЕНТТЕРДІҢ КӨШБАСШЫЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН ҰЛТТЫҚ СИПАТТА ӨРКЕНДЕТУ НӘТИЖЕЛЕРІН ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖҰМЫС АРҚЫЛЫ ТЕКСЕРУ	83
3.1 ЖОО-да студенттердің көшбасшылық қасиеттерін қалыптасуының диагностикасы.....	83
3.2 ЖОО-да студенттердің көшбасшылық қасиеттерін ұлттық сипатта өркендетудің әдістемесі.....	94
3.3 Эксперимент нәтижелері және олардың интерпретациясы.....	103
ҚОРЫТЫНДЫ	113
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	115
ҚОСЫМШАЛАР	129

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер қолданылған:

Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына жолдауы. – Астана, 2018 жылғы 5 қазан.

Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 2018 жылғы 10 қаңтар.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы №205 Жарлығымен бекітілген.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген.

«Интеллектуалды ұлт-2020» ұлттық бағдарламасы.

Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына жолдауы. – Астана, 2014 жылғы 17 қаңтар.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Қазақстан Республикасының Заңы (2019.01.04. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен).

Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050»: Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 2012 жылғы 14 желтоқсан.

Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты халыққа Жолдауы. – Астана, 2010 жылғы 29 қаңтар.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 Қаулысы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 27 желтоқсандағы №895 Қаулысы (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізілген).

Қазақстан Республикасындағы тіл туралы. Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі №151 Заңы.

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған:

Әлеует – қандай да бір салада бар мүмкіндіктер жиынтығы, кең мағынада – «қосымша» құралдар, қорлар.

Көшбасшы – білімді, жан-жақты, қарым-қатынасқа бейім, өз ойын ашық жеткізе алатын, еш уақытта мойымайтын, кез-келген сәттерде бір шешім таба алатын, топты жетелеуге мүмкіндігі бар тұлға.

Қажетсіну, уәж (түрткі) – баланың уәждемелік-жеке тұлғалық ерекшеліктері, олар белгілі бір пән саласындағы міндетке жоғары танымдық қажеттілік пен ішкі тұрақтылықтың (әуесқойлықтың) болуы арқылы көрінеді.

Құзырет – білім беру жүйесіне берілетін әлеуметтік тапсырыстарды құрайтын жеке және қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсатында нәтижелі іс-әрекеттерге қол жеткізу үшін ішкі және сыртқы ресурстарды тиімді жаңғыртуға дайындық.

Құзыреттілік – қандай да бір салада өмірлік (тұрмыстық) немесе кәсіби міндеттерді шешуде қолданылатын жинақталған қабілеттілік.

Мемлекеттік білім стандарты – студенттердің білім алу деңгейін және оқу пәні бойынша білімінің соңғы нәтижесін айқындайтын, пәндік білімнің мақсаты мен міндеттерін, студенттердің түсініктері мен дағдыларын, білім нәтижелерін тексеру технологиясын белгілейтін негізгі құжат.

Рухани жаңғыру – өз елінің тарихын, салт-дәстүрін, дінін, тілін меңгеру, яғни, рухани-мәдени даму.

Студент – латын тілінен алғанда «studens», өз білімін таңдаған мамандық бойынша орта немесе жоғары оқу орнында жан-жақты толықтырып жатқан тұлға.

Сенситивті кезең – адамның негізгі әлеуметтік әлеуетін өркендету кезеңі болып табылады.

Ұлттық код – ұлтымызға тән асыл қасиеттердің жиынтығы. Халқымыздың ғасырлар бойы қылыптасып қалған тілі, діні, салт-дәстүрі, мәдениеті, ұлттық тәрбиесі.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

БТ	– бақылау тобы
ЭТ	– эксперимент тобы
ЖОО	– жоғары оқу орны
ҒЗЖ	– Ғылыми-зерттеу жұмысы
ҚР	– Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты
МЖМБС	
ПМУ	– С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті
ҚР	– Қазақстан Республикасы
ОПҚ	– оқытушы-профессорлар құрамы
АҚҚТ	– ақпараттық-қарым-қатынас технологиялары
т.б	– тағы басқа

КІРІСПЕ

Зерттеудің өзектілігі. Қазіргі таңда еліміз қарқынды даму үстінде болғандықтан, білім саласында да сан алуан өзгерістер енгізілуде. Жоғары оқу орындарынан заман талабына сай, жаңа форматтағы маман даярлау қажеттілігі туындап отыр. Тұңғыш Елбасымыздың Жолдауында «Қазақстан – 2050» стратегиясында экономикасы дамыған мықты мемлекет құру мақсаты көзделіп, оған қол жеткізудің негізгі жеті басымды қадамы айқындалады. Сол басымдылықтардың бірі: «Білім және кәсіби машық – заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары», – деп айтылған [1].

Қазақстан Республикасының білім беру заңында, білім беру жүйесінің міндеттерінің тоғызыншы тармағында «оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, қашықтықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану» үдерісінде студенттердің өзінің іскерлігін алға жылжытып отыруына аталып отырған технологиялар қозғаушы күш болмақ [2]. Әлбетте, қазіргі қоғамның үдемелі даму деңгейіне сәйкес болуы үшін болашақ мамандарды дайындау үдерісінде жаңа педагогикалық технологияларды қолданбау мүмкін емес. Жүйелі ізденістер білім алушының заманауи, инновациялық өрлеу жеке мүмкіндіктерін өркендету арқасында көшбасшылық қасиеттерін ілгерілете алу қажеттілігі туындап отыр. Ал, болашақ мамандардың көшбасшылық қасиеттерін айқындап өркендетуде педагогикалық технологиялардың алатын орны ерекше. «Педагогикалық технология» категориясын зерттеген ғалымдар: В.Б. Беспалько, Б.Т. Лихачев, М.В. Кларин, Т.С. Назарова, В.М. Монахов, Г.К. Селевко оның мән-мағынасын, мазмұнын, құралдарын, қызметтерін жан-жақты сипаттаған.

В.П. Беспалько педагогикалық технология білім мақсатын тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік беретінін дәлелдейді [3]. Ал, Б.Т. Лихачев педагогикалық технологияны психологиялық және педагогикалық бағдарлар жиынтығы деп түсіне келе, оны жалпы педагогикалық үдерістің ұйымдастырушы-әдістемелік құралдарын: оқыту мен тәрбие әдістерін, жолдарын, тәсілдерін, қадамдарын, нысандарын анықтайтын негіз деп таниды [4].

М.В. Клариннің пікірінше, педагогикалық технология – педагогикалық мақсатқа жету үшін қолданылатын әдістемелік және аспаптық құралдардың, барлық тұлғалардың жұмыс істеу тәртібінің жүйеленген жиынтығын білдіретін ұғым [5].

Технологиялық тәсілдің төрт кезеңін атап өтуге болады (М.В. Кларин):

- барыншы айқындай отырып мақсат қою, жетістікке жетуге бағыттай отырып, оқудың мақсатын тұжырымдау;
- оқу мақсатына сәйкес бүкіл оқу курсың ұйымдастыру және оқу құжаттарын әзірлеу;
- ағымды нәтижелерді бағалау, оқытуды түзету, қойылған мақсатқа жетуге бағыттау;

- қорытынды бағаларды нәтижелелеу.

Зерттеуші белгілеген төрт кезең біздің жұмысымыздың ағымы мен қисынын анықтауға да өз әсерін тигізді.

Т.С. Назарованың ойынша, «білім беру технологиялары» білім беру технология иерархиясында жоғарғы сатыға иеленсе, педагогикалық технология екінші сатыда, ал содан соң оқыту технологиясы тұрады [6].

В.М. Монаховтың айтуынша, педагогикалық технология – жобалау бойынша біріккен педагогикалық әрекеттің барлық бөлшектері ойластырылған модель, студенттер мен оқытушыларға қолайлы жағдайларды сөзсіз қамтамасыз ету арқылы оқу үдерісін ұйымдастыру және өткізу [7].

Г.К. Селевконың пікірінше, кез келген педагогикалық технология келесі әдіснамалық талаптарға сәйкес келуі керек: тұжырымдамалылық, жүйелілік, тиімділік, өрбу қабілеттілігі [8]. Кері жағдайда педагогикалық технология болмайды, яғни атқаратын функцияларын іске асыра алмайды. Алайда, заманауи педагогикалық үдеріс технологиялық тұрғыда ұйымдастырылуы қажет.

Білімденудің инновациялық технологияларының педагогикалық технологиядан ерекшеленетіні – әрбір студенттің ішкі көшбасшылық қасиеттерін өркендете алуына түрткі жасар жеке мүмкіндіктері ескеріледі.

Бүгінгі таңда білім саласына қойылатын талаптарға орай жоғары оқу орындары білімі жетік, жан-жақты дамыған, бәсекеге қабілетті, жаңа дәуір талабына сай түлек тәрбиелеуі тиіс. Сонымен қатар, болашақ маманның білімі, жоғары білім сапасы ең жоғары халықаралық талаптарға сай болуы керек [9].

Бұл орайда, Тұңғыш Елбасының «Интеллектуалды ұлт-2020» жобасының атқарар рөлі айрықша. Жалпы аталған жобаның басты мақсаты – қазақстандықтарды жаңа формацияға тәрбиелеу, Қазақстанды бәсекеге қабілетті адам капиталына бай елге айналдыру. Жобаның басым бағыттары ретінде негізгі үш бағыт айқындалады: білім беру сапасын өскелең талаптарға сай дамыту, еліміздің ғылыми әлеуетін арттыру және инновациялық даму жүйесіне басымдық беру [10]. Бұл міндеттер, әрине, ең әуелі кәсіби білім беру жүйесіне жүктеледі, сондықтан осы салада ғалымдар жинақтаған тұжырымдарға көңіл аударған дұрыс.

Кәсіптік білім беру теориясы мен практикасының тұжырымдамалық негіздері С.И. Архангельский [11], А.Ж. Аплашова [12], Е.И. Бурдина [13], В.П. Голованов [14], Е. Жұматаева [15], С.Т. Каргин [16], А.А. Кудышева [17], В.В. Краевский [18], Н.Э. Пфейфер [19], М.Н. Сарыбеков [20], В.А. Слостенин [21], Н.Ю. Фоминых [22], Н.Д. Хмель [23], Л.А. Шкутина [24] және т.б. зерттеушілердің жұмыстарында қарастырылған.

Жалпы, күн сайын жоғары оқу орындарында студенттерге қойылатын талаптар және маман дайындау сапасына қатысты талаптар күшейтілуде. Еліміздің жоғарғы оқу орындарында мамандарды кәсіби даярлаудың теориялық, ғылыми, дидактикалық, әдіснамалық негіздерімен мәселелері келесі авторлардың: А.А. Алимбекова [25], С.Д. Аубакирова [26], Ұ.М. Әбдіғалпбарова, Б.М. Баймуханбетов [27]; Е.Н. Жуманкулова [28], Б.Д. Каирбекова [29], С.Т. Каргин [30], Б.Т. Кенжебеков [31], Қ.М. Кертаева [32], А.А. Исаханова

[33], К.О. Оразбаева [34], М.Ә. Ушатов [35] ғылыми еңбектерінде көрініс тапты.

Жоғары оқу орнында педагогтардың кәсіби дайындығының психологиялық негіздерін және тұлғаның қалыптасуына әсер етуші факторлар мен мәселелерді Ж. Аймауытов [36], Ә. Алдамұрат [37], Л.С. Выготский [38], С.М. Джакупов [39], Қ.Б. Жарықбаев [40], Ж.И. Намазбаева [41], Р.С. Немов [42], Ж. Пиаже [43], Х.Т. Шерьязданова [44] қарастырған.

Кредиттік оқыту жүйесін теориялық және ғылыми-қолданбалы бағыт тұрғысынан зерттеген Н. Асанов [45], А. Атыханов [46], С.Б. Әбдіғаппарова, Г.К. Ахметова [47]; С.Ә. Әбдіманапов [48], А.А. Құсаинов [49] және басқа да зерттеушілер бұл жүйенің негізгі ұғымдары мен ережелерін айқындап, кредиттік технологияның жоғары мектеп тәжірибесіне өндірілуіне үлкен үлес қосты.

Жоғары оқу орындарында мамандар даярлауына, оның шығармашылық қабілетінің артуына мүмкіндік жасауда және оқу-тәрбие үдерісін жетілдіруді қамтамасыз ететін жаңа педагогикалық технологияларды пайдалану көзделеді. Технологияны педагогикалық іс-әрекетті қайта құрудың жүйелі тұтас құралы ретінде тиімді пайдалану оқу-тәрбие үдерісінің сапасын жақсартуға жеке тұлғаны дамыту міндеттерін шешуге септігін тигізеді [50].

Көшбасшылық қасиеттің мән-мағынасын зерттеген ғалымдар да аз емес: көшбасшылық қасиетті тарихи тұрғыдан қарастыратын тұжырымдамалардың өкілдері Г. Тард (1886), Г. Лебон (1895), Т. Карлайль (1840), Р. Эмерсон (1803), А. Жоли (1883), Ч. Ломброзо (1863), Г. Спенсер (1880) және т.б. белгілеп кеткен жөн. Аталған ғалымдардың еңбектерінде жетекшінің таланты, көшбасшылық қасиеті айрықша батырлық ретінде қарастырылады: көрнекті қасиеттерге – жағымдылық, күш, харизма, ақыл арқылы басқаларға әсер ету қасиеттеріне ие басшы ғана көшбасшы ретінде танылады.

Ф. Ницшенің, З. Фрейдтің, Г. Тарданың, К. Лебонның теориялары заманауи көшбасшылық теорияларға өзінің терең әсерін тигізді.

Дж. Хомансаның, Р. Лайкертаның, Ф.Э. Фидлераның, Д. Макгрегораның зерттеулері де көшбасшылықтың табиғатын түсінуге үлкен мүмкіндік туғызады.

Жоғары оқу орнындағы студенттердің көшбасшылық қасиеттерін өркендетудің амалдарымен тәсілдері жөнінде П.А. Беляева [51], А.Р. Ерментаева [52], А.К. Мынбаева [53], Р.Л. Кричевский [54], А.В. Сорокин [55], Е.В. Селезнева [56] іспетті ғалымдар өз еңбектерінде жазған.

Білім беру жүйесін жаңғыртудың маңызды міндеттерінің бірі – өкілдері бәсекеге қабілетті білімді меңгерген, ой-өрісі дамыған ғана емес, жоғары азаматтық және адамгершілік ұстанымы, отансүйгіштік сезімі мен әлеуметтік жауапкершілігі қалыптасқан зияткер ұлтты қалыптастыру болып табылады [57]. Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасындағы жастарға білім берудегі өткір мәселе – олардың болашаққа бағдар жасау қабілеттерін ұлттық код арқылы өркендету. Бұл міндетті шешудің маңыздылығы туралы еліміздің тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында терең пікір айтылған.

Ұлттық мінез, ұлттық әдет-ғұрып және мәдениеттердің ерекшеліктері Б.Ә. Әмірованың [58], Н. Джангильдиннің [59], Е. Жұматаеваның [60], Л.Н. Гумилевтың [61], М.Қ. Қозыбаевтың [62], А.А. Налчаджянның [63] еңбектерінде сипатталады.

Ал, С.М. Арутюнянның [64], Ю.В. Бромлейдің [65], Д.Б. Парыгинның [66], Ю.П. Платоновтың [67], Н.С. Сарсенбаевтың [68] еңбектерінде ұлттардың ерекшеліктеріне психологиялық мінездеме беріледі.

Ұлттың әлеуетін арттыру үшін мәдениетіміз бен идеологиямызды одан әрі дамытуымыз керек. «Рухани жаңғырудың» мән-маңызы да нақ осында.

Өзінің тарихын, тілін, мәдениетін білетін, сондай-ақ заманына лайық, шет тілдерін меңгерген, озық әрі жаһандық көзқарасы бар қазақстандық тұлға біздің қоғамымыздың идеалына айналуға тиіс [69].

Бұл орайда, көшбасшылық қасиет әр студенттің интеллектуалды әлеуетін болашақ қызметіне бейімдеу арқылы жүзеге аспақ. Алайда, осы көкейкесті мәселені кешенді түрде бейнелеген ғылыми еңбектер әлі жеткіліксіз, сондықтан оның шешілуіне кедергі жасайтын жайттар баршылық. Біз жоғары оқу орнындағы студенттердің бойындағы көшбасшылық қасиеттерді өркендету жөнінде жоғарыдағы ғалымдардың зерттеу еңбектерін талдау барысында төмендегі **қарама-қайшылықтарды** анықтадық:

- жоғары оқу орнындағы студенттердің көшбасшылық қасиеттерін өркендетудің тағылымдылық негіздері жете ашылмаған;

- халық педагогикасындағы даналарымыздың көшбасшылық қасиеттері зерттеу мәселесіне, яғни оларды қалыптастырып өркендету мүмкіндіктерін анықтауға қатысты толық қанды сараланбаған;

- рухани жаңғыру бағдарламасын жүзеге асыратын құралы ретінде ұлттық код қарастырылмаған.

Жоғары оқу орындарында студенттердің бойларында көшбасшылық қасиетті өркендету барысында ұлттық кодты қалыптастырудың амалдары мен жолдарын қарастыру мәселесі **зерттеудің проблемасын** тұжырымдауға мүмкіндік береді.

Жоғарыда тізілген қайшылықтарды шешу мақсатында тақырыбымыздың **«Жоғары оқу орнында студенттердің көшбасшылық қасиеттерін өркендетуде ұлттық кодтың атқарар рөлі»** атауы анықталды.

Зерттеу мақсаты: жоғары оқу орны студенттердің көшбасшылық қасиеттерін ұлттық код арқылы өркендетудің психологиялық-педагогикалық негіздерін ғылыми-теориялық тұрғыда тұжырымдау және тәжірибеде тексеру.

Зерттеу объектісі: жоғары оқу орнындағы педагогикалық үдеріс.

Зерттеу пәні: студенттердің көшбасшылық қасиеттерінің өркендетудегі ұлттық кодтың атқаратын рөлі.

Зерттеу болжамы: *егер* жоғары оқу орнында студенттердің көшбасшылық қасиеттерін өркендетудің тағылымындағы негіздері жете ашылса, халық педагогикасындағы даналарымыздың көшбасшылық қасиеттері өркендетуге қатысты толыққанды сараланса, рухани жаңғыру бағдарламасын жүзеге асыратын құрал ретінде ұлттық код қарастырылса, онда студенттердің

бойларында ұлттық сана, ұлттық мінез-құлықты педагогикалық үдерісте оңтайлы өркендетуге мүмкіндік туындайды.

Зерттеуде қойылған мақсаты мен пәніне, жасалынған болжамына сәйкес **зерттеудің міндеттері** анықталды:

1. ЖОО-да студенттердің көшбасшылық қасиеттерін өркендетудің ғылыми-теориялық негіздерін қарастыру.

2. Көшбасшылықты өркендету идеясының отандық және шетелдік ғылымда зерттелу барысын саралау.

3. Студенттердің көшбасшылық қасиеттерін ұлттық сипатта өркендетуінің педагогикалық шарттарын құру.

4. ЖОО-да студенттердің көшбасшылық қасиеттерін ұлттық код арқылы өркендету үдерісінің құрылымдық-функционалдық моделін әзірлеу.

5. ЖОО-ғы студенттердің көшбасшылық қасиеттерін ұлттық сипатта өркендетудегі білім мазмұнының алатын орнын анықтау.

6. Студенттердің көшбасшылық қасиеттерін қалыптастырудағы ұлттық кодтың атқарар амалдары мен жолдарының тиімділігін эксперимент арқылы тексеру.

Зерттеудің жетекші идеясы: ұлттық кодты зерттей отырып, студенттердің көшбасшылық қасиеттерін өркендету, ұлттық кодтың рухани жаңғыртудағы рөліне баға беру.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізін құрайтын теориялар:

- онтологиялық тәсіл (Л.М. Лузина, Н.А. Бердяев, А.Г. Черняков және т.б.);

- аксиологиялық тәсіл (Б.Г. Ананьев, Т.Н. Кузницова, В.А. Слостенин, Г.И. Чижикова, И.Ф. Исаев, Е.Н. Шиянов және т.б.);

- құндылыққа бағытталған тәсіл (А.В. Кирьякова, А.Г. Здравомыслов, В.А. Ядов, В.А. Беликов және т.б.);

- жоғары кәсіптік білім берудің заманауи теориялары мен тұжырымдамалары (О.А. Абдуллина, С.И. Архангельский, В.А. Слостенин және т.б.);

- тұтас педагогикалық үдеріс теориясы (Ю.К. Бабанский, Н.Д. Хмель және т.б.);

- практикалық-орталықтанған негізде өздік жұмысты ұйымдастыру теориялары (М. Джадрина, Н.Н. Нурахметов, Г.А. Омарова, А.А. Сарсембаева, Ж.Б. Умирбекова және т.б.);

- жеке тұлғаның өздік жұмысының қажетсіну уәжінің компонентін қалыптастыру тұжырымдамасы (А.В. Батаршев, Р.М. Гаранина, Н.Ф. Талызина және т.б.);

- тұлғаның танымдық іс-әрекеттері мен интеллектуалды теориялары М.А. Холодная, Д.Б. Богоявленская және т.б.).

Зерттеу әдістері. Зерттеу тақырыбының мәселесі бойынша ғылыми, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге, зерттеліп отырған мәселеге қатысты диссертациялық жұмыстармен теориялық жұмыс жасау барысында: талдау, жинақтау, жекеден жалпыға, жалпыдан жекеге, салыстыру әдістері;

педагогикалық эксперимент жүргізуге байланысты: бақылау, сауалнама, әңгіме, диагностикалық әдістер; зерттеу нәтижелерін қорытындылау барысында салыстыру, қорыту аналитикалық әдістері; эксперименттік мәліметтерді сапалық және сандық тұрғыда сараптау, жинақтау әдістері қолданылды.

Зерттеу базасы. С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті, Инновациялық Еуразия университеті, Л.Н. Гумилев атындағы Евразиялық ұлттық университеті, А.А. Кулешов атындағы Могилев мемлекеттік университеті (Беларусь).

Зерттеудің негізгі кезеңдері:

Бірінші кезеңде (2017-2018) зерттеу мәселесі бойынша шетелдік және отандық авторлардың психологиялық-педагогикалық еңбектеріне теориялық талдау жүргізілді, зерттеудің ғылыми-ұғымдық аппараты анықталды, зерттеу проблемасының қазіргі жағдайы зерттелді, студенттердің көшбасшылық қасиеттерін ұлттық сипатта өркендетудің ғылыми-теориялық негізі әзірленді, диагностикалық құралдар дайындалды.

Екінші кезеңде (2018-2019) тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың мазмұны анықталды, тәжірибелік-эксперименталды жұмыс барысында ЖЖО-да студенттердің көшбасшылық қасиеттерін ұлттық код арқылы өркендету үдерісінің моделі әзірленіп, іске асырылды.

Үшінші кезеңде (2019-2020) әзірленген модельдің тиімділігіне талдау жүргізілді, математикалық өңдеу жасалынды, алынған нәтижелерді жинақтау және жүйелеу жүзеге асырылды, қорытындылар жасалды, зерттеу нәтижесінде алынған материалдар диссертациялық жұмыс түрінде ресімделді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

- ЖОО-да студенттердің көшбасшылық қасиеттерін өркендетудің ғылыми-теориялық негіздері қарастырылды;
- көшбасшылықты дамыту идеясының отандық және шетелдік ғылымда зерттеу барысы сараланды;
- студенттердің көшбасшылық қасиеттерін ұлттық сипатта өркендетуінің педагогикалық шарттары құрылды;
- ЖОО-ғы студенттердің көшбасшылық қасиеттерін ұлттық код арқылы өркендетудің құрылымдық-функционалдық моделі әзірленді;
- ЖОО-ғы студенттердің көшбасшылық қасиеттерін ұлттық сипатта өркендетудегі білім мазмұнының алатын орны анықталды;
- студенттердің көшбасшылық қасиеттерін қалыптастырудағы ұлттық кодтың атқарар амалдары мен жолдарының тиімділігі эксперимент арқылы тексерілді.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы жоғары оқу орнындағы студенттердің көшбасшылық қасиеттерін ұлттық сипатта өркендетудің ғылыми-теориялық негіздерін қарастыра отырып, жоғары оқу орнындағы студенттердің көшбасшылық қасиеттерін ұлттық код арқылы өркендету үдерісінің құрылымдық-функционалдық моделін жасау болып табылады.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы келесіден анық көрінеді: жасалынған теориялық ережелер, қорытындылар, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар студенттердің кәсіби дайындық жүйесінде қолданылуы мүмкін.

Зерттеу барысында: жоғары оқу орнындағы студенттердің көшбасшылық қасиеттерін ұлттық код арқылы дамыту моделі ЖОО-ның тұтас педагогикалық үдерісіне ұсынылып енгізілді; «Көшбасшылық психологиясы» пәнінің жұмыс бағдарламасына «Көшбасшылық қасиетті ұлттық сипатта өркендету» атты блок әзірленіп, енгізілді; Типтік оқу бағдарламасы негізінде ұстаздар мен бакалавр студенттерге арналған «Психология» оқу құралы әзірленіп шығарылды; студенттердің көшбасшылық қасиеттерін және ұлттық сана-сезімдерін анықтау үшін диагностикалық құралдар жасалынып, сынақтан өткізілді; «Психология (көшбасшылық) пәні бойынша студенттердің өздік жұмыстарын ұйымдастыру» атты электрондық оқу құралы әзірленіп, С. Торайғыров атындағы ПМУ тәжірибесіне ендірілді (авторлық құқықпен қорғалған объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы куәлік, 2019 жылғы 9 сәуір №2733). Осы нәтижелер зерттеудің практикалық құндылығын анықтайды.

Қорғауға ұсынылатын қағидалар:

1. ЖОО-да студенттердің көшбасшылық қасиеттерін өркендетудің ғылыми-теориялық негіздері.
2. Көшбасшылықты өркендету идеясының отандық және шетелдік ғылымда зерттеу барысының талдануы.
3. Студенттердің көшбасшылық қасиеттерін ұлттық сипатта өркендетуінің педагогикалық шарттары.
4. ЖОО-ғы студенттердің көшбасшылық қасиеттерін ұлттық код арқылы өркендетудің құрылымдық-функционалдық моделі.
5. ЖОО-ғы студенттердің көшбасшылық қасиеттерін ұлттық сипатта өркендетудегі білім мазмұны.
6. Ұсынылған модельдің тиімділігін растайтын тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері.

Зерттеу нәтижелерінің дәлелділігі мен негізділігі автордың бастапқы әдіснамалық және теориялық ұстанымдарымен, зерттеудің теориялық және эмпирикалық әдістерінің жиынтықтарын пайдаланумен, олардың зерттеуде қойылған міндеттерге және зерттеу логикасына қарама-қайшы еместігімен; алынған тәжірибелік-эксперименттік нәтижелердің математикалық статистика әдістерімен өңделуімен; зерттеу болжамының оның нәтижелерімен расталуымен байланысты.

Зерттеу нәтижелерін апробациялау және енгізу: халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда (Павлодар, 2017; Польша, 2018; Беларусь, 2018; Павлодар, 2020) – 4 жарияланым; ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда (С. Торайғыров атындағы «ПМУ хабаршысы», педагогикалық сериясы; Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршы журналының «Педагогика ғылымдары» сериясы; Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршы журналының «Психология» сериясы; Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршы журналының

«Педагогика. Психология. Әлеуметтану» сериясы) – 4 жарияланым; нөлдік емес импакт-факторы бар халықаралық журналда ақпараттық базасына (Scopus базасы) тіркелген шетел журналында жарыққа шыққан ғылыми мақала – 1 жарияланым (Венесуэла, 2019); 1 оқу құралы; 1 электрондық оқу құралы ұсынылған.

Диссертацияның құрылымы: диссертациялық жұмыстың құрамына негізгі бет, нормативтік сілтемелер, анықтамалар, белгілеулер мен қысқартулар, кіріспе, үш бөлім, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі және қосымшалар кіреді.

Кіріспеде зерттеудің ғылыми аппараты, тақырыптың көкейкестілігі, зерттеу жұмысының мақсаты, пәні, нысаны, болжамы мен міндеттері, әдіснамалық негіздері, жетекші идеясы, зерттеу әдістері мен кезеңдері, зерттеудің ғылыми жаналығы, теориялық және практикалық маңыздылығы, қорғауға ұсынылатын қағидалары, зерттеу нәтижелерінің дәлелділігі мен негізділігі, зерттеу нәтижелерінің апробациядан өтуі баяндалады.

«ЖОО-да студенттердің көшбасшылық қасиеттерін өркендетудің ғылыми-теориялық негіздері» атты бірінші бөлімінде жоғары оқу орындарындағы студенттердің көшбасшылық қасиеттерін өркендетудің психологиялық және педагогикалық негіздеріне тарихи-педагогикалық талдау жасалып, студенттердің көшбасшылық қасиеттерін өркендетудің үздіксіз ілгерілеуінің жолдары мен «көшбасшы» ұғымының мәні жан-жақты қарастырылып, студенттердің көшбасшылық қасиеттерін өркендетуінің әдіснамасы ғылыми әдебиеттерден зерттеліп педагогикалық мәні нақтыланды.

«ЖОО-да студенттердің көшбасшылық қасиеттерін ұлттық сипатта қалыптастырудың амалдары мен жолдары» атты екінші бөлімінде ЖОО-ғы ұлттық кодтың атқарар қызметінің педагогикалық шарттары анықталып, ЖОО-ғы студенттердің көшбасшылық қасиеттерін ұлттық кодтың негізінде өркендетудің моделі құрылып, ғылыми тұрғыда негізделді және студенттердің көшбасшылық қасиеттерін ұлттық сипатта өркендетудегі білім мазмұнының алатын орны қарастырылды.

«ЖОО-да студенттердің көшбасшылық қасиеттерін ұлттық сипатта өркендету нәтижелерін эксперименттік жұмыс арқылы тексеру» атты үшінші бөлімінде тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері келтірілген: қолданылған диагностикалық құралдар тақырыпқа сай ғылыми тұрғыда тәжірибе жүзінде іске асырылды, зерттеудің анықтаушы кезеңінің нәтижелері ұсынылған, қалыптастырушы эксперименттің логикасы ашылып, белгілі кезең тұйықталғанда, оның ілгері өркендеу үдерісі ескеріліп, зерттеудің қорытынды кезеңінің нәтижелері сараптаудан өткізіліп, талданды.

Қорытындыда жүргізілген зерттеудің әр бөлімі бойынша теориялық және практикалық нәтижелері қорытылып, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың ғылыми тұжырымдары ұсынылды.

Қосымшаларда зерттеудің практикалық материалдары қарастырылады.